Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: Кіші топ «Тұлпар»

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене шынықтыру	Ептілікті, қол мен аяқ қимылының үйлесімділігін дамыту. Допты екі қолмен домалату біліктерін бекіту. Балалардың денсаулығын нығайту. Топпен жүру дағдысын жетілдіру. Екі аяқпен секіруге үйрету. Допты екі қолмен домалату білігін бекіту. Балалардың денсаулығын нығайту. Түрлі бағытта топпен жүру және жүгіруді үйретуді жалғастыру. Допты екі қолмен домалатуға жаттықтыру, допты берілген бағытта (тура бағытта) бір мезгілде екі қолмен итеру білігін дамыту. Зейінді, жинақылықты, залда ойнау ынтасын дамыту. Топпен жүру дағдысын жетілдіру. Қол ұстасып, шеңберде айналып жүруге үйрету. Екі аяқпен секіруге жаттықтыру. Екі қолмен допты домалатуды бекіту, отырған күйі допты бір мезгілде екі қолмен итеру білігін дамыту. Топпен жүру дағдысын жетілдіру. Қол ұстасып, шеңберде айналып жүруге үйрету. Екі қолмен допты домалатуды бекітуді жалғастыру, отырған күйі допты бір мезгілде екі қолмен итеру білігін; қолының ұсақ моторикасын дамыту. Жолмен жүруге жаттықтыру (ені – 25 см,ұзындығы – 2,5 м). Шектелген беткеймен жүру кезінде тепе- теңдікті сақтау білігін дамыту.Алақан мен тізеге сүйеніп, заттардың арасымен еңбектеуге жаттықтыру, қимыл үйлесімділігін дамытуды жалғастыру, заттарды сол жағынан және оң жағынан айналып өту білігін бекіту. Сызықтар арасымен жүгіруді үйрету (сызықтар арасындағы арақашықтық – 30 см). Алақан мен тізеге сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге жаттықтыру. Шыдамдылықты, қимылдарын басқа балалармен келісуді дамыту, залда жаттығуға ынтасын тәрбиелеу.Қол ұстасып, шеңберде айналып жүру дағдыларын жетілдіру. Сызықтар арасымен жүгіруді үйрету (сызықтар арасындағы арақашықтық – 30 см). Алақан мен тізеге сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге жаттықтыру. Бұлшық ет корсетінің нығаюына ықпал ету, ептілікті, қимыл үйлесімділігін дамыту.Қол ұстасып шеңберде айналып жүру білігін жетілдіру. Сызықтар арасымен жүгіруге үйрету (сызықтардың арақашықтығы – 30 см), тепе-теңдікті сақтау білігін жетілдіру. Шектелген алаңда қол мен аяқты үйлестіріп қозғап жүру біліктерін бекіту. Қол ұстасып шеңбер бойынша жүру дағдыларын жетілдіру. Табан күмбезінің қалыптасуына, тиісті бұлшық еттеріне күш түсіру және босаңсыту; қол мен аяқ қимылын үйлестіру білігіне ықпал ету. Жоғары секіріп, затқа қолын жеткізуге үйрету, барынша биікке секіру білігін, еден бетінен екпінді түрде итерілу.Жолмен жүру және жүгіруге жаттықтыру (ені – 25 см, ұзындығы – 2 м), шектелген аумақта жүру және жүгіру кезінде тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту. Ептілікті, зейінді, санамақ мәтіні бойынша қимылдарды орындау білігін дамыту. Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеуді жалғастыру. Биікке секіріп, затқа қолын жеткізуге үйрету, барынша биікке секіру білігін дамыту, еден бетінен екпінді түрде итерілу.

Сөйлеуді дамыту	Еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен байыту Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді?) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, ойын айта білуге үйрету.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, ертегілер, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Балаларды педагогтің көмегімен өленді толық қайталауға ынталандыру.
Сенсорика	заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды салыстыру заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер,), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, табиғи материалдарды (құм, су) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота) таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жаңбыр, жел.
Сурет салу	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
Мүсіндеу	балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; ермексаз дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру) үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.

	Фланелеграфта геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды тағы басқа орналастыру.
Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыка тыңдауға қызығушылықтарын қалыптастыру. **Ән айту:** Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: Кіші топ «Тұлпар»

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: **Қазан айы 2024жыл**

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене шынықтыру	Топпен айнала жүру және жүгіру дағдысын жетілдіру. Допты гимнастикалық орындық үстімен домалатуға үйрету. Жолмен жүруге жаттықтыру (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр), шектелген беткеймен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау білігін дамыту. Жалпы шыдамдылықты, жинақылықты дамыту. Дербестікті, музыка бойынша қимылдауға қажеттілікті тәрбиелеу.Допты төменнен екі қолмен лақтыру тәсілін үйретуді жалғастыру, допты дұрыс алу, қолдарын тез жазу білігін дамыту. Алға ұмтыла секірер алдында бір мезгілде екі аяқтап күшпен итерілу білігін бекіту. Жаттығу жасаған кезде тыныс алуды тоқтатпау білігін қалыптастыру. Бір-біріне мейірімділік танытуға, толерантты болуға тәрбиелеу. Суық тию профилактикасы, иммунитетті нығайту.Шеңбер бойынша жүру дағдыларын жетілдіру. Жолақтар арасында жүруге үйрету (жолақтардың арақашықтығы – 25 см), кедергілі бетпен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау білігін дамыту. 2 метр қашықтыққа алақандары мен тізелерін үйлесімді қозғап, еңбектеуге жаттықтыру, қозғалыс бағытын сақтау білігін дамыту. Көкірек қуысының қозғалғыштығын дамыту, тыныс алу бұлшық еттерін нығайту.Шеңбер бойынша жүру дағдыларын жетілдіру. Бір уақытта екі аяқпен итеріліп және алға ұмтылып, екі аяқпен секіруге үйрету. Допты саусақтарының күшті қимылымен домалату білігін дамыту, доптармен қимылдарға жаттықтыруды жалғастыру, доптармен ойнаудан қуаныш туғызу.Тұрған қалпында доптың қозғалыс бағытын сақтай отырып, допты бір-біріне домалатуға үйрету. Еден бетінен екі аяқпен күшпен итерілу білігін бекіту, қимылдарептілігін, үйлесімділігін дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтуды, зейінді дамытуға ықпал ету. Еңбекқорлыққа, бірлескен әрекет нәтижесінен оң эмоцияларға баулу.Тұрған қалпында доптың қозғалыс бағытын сақтай отырып, допты бір-біріне домалатуға үйрету. Еден бетінен екі аяқпен күшпен итерілу білігін бекіту, қимылдарептілігін, үйлесімділігін дамыту. Тепе-теңдекті сақтап, арқан үстімен жүруге үйрету. Алақанмен, табанмен тіреп, аяқ-қол қимылдарын үйлестіріп, алаңы шектеулі таянышпен еңбектеу білігін бекіту. Жалпы төзімділікті, ұйымшылдықты дамыту. Өкпенің тіршілік сыйымдылығын арттыруға ықпал ету, дұрыс жүру рефлексін қалыптастыру. Жануарларды, туған қаланы аялауға, патриотизмге баулу. Қозғалыс бағытын сақтап, еңбектеуге үйретуді жалғастыру.Алға ұмтылып секіруге жаттықтыру, серіппелі қимылдарды орындау білігін дамыту. Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру дағдысын жетілдіру, өз қимылдарын басқа балалардың қимылдарымен үйлестіру білігін дамыту. Бейтарап және белсенді сөздік қорын кеңейтуге ықпал ету.Допты екі қолмен төменнен лақтыруға үйрету, допты бір уақытта екі қолмен итеріп лақтыру. Қолдарын күшпен жазу білігін дамыту. Алға ұмтылып секірумен бір уақытта екі аяқпен күшпен итерілу білігін бекіту. Жаттығу жасаған кезде тынысын тежемеу білігін қалыптастыру. Суық тигеннен болатын аурулардың алдын алу, иммунитетті нығайту, өкпелердің тіршілік сыйымдылығын арттыру. Бір-біріне мейірімді көзқарасқа, төзімділікке баулу.Алаша (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) үстімен жүруге жаттықтыру, кедергілі бет үстімен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау білігін дамыту. Заттар арасында алақан мен табанға тіреліп еңбектеуге жаттықтыру, қимылдардың үйлесімін дамытуды жалғастыру. Заттарды оң және сол жақтан айналып өту білігін бекіту. Жанды және жансыз табиғат туралы білімді кеңейту. Қоршаған ортаны эстетикалық талғаммен қабылдауға, табиғатты сүюге баулу.

Сөйлеуді дамыту	Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ,еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету Сөздік қор. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар айта білуге үйрету.
Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау менүлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлымұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау. Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауды дамыту
Сурет салу	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларындамыту; Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін),парақ бетінде бейнені орналастыруды жетілдіру; Ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу
Мүсіндеу	Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан дакүрделі пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфта қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа заттарды орналастыруды менгерту.

Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. **Ән айту:** Жекелеген сөздер мен буындарды айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Кіші топ «Тұлпар»
Қараша айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене шынықтыру	Доптарды қақпа арқылы домалатуды (ені – 60 см) үйрету, Алға ұмтылып, екі аяқпен секіруге үйрету. Арқан үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету.Қашықтықтан допты қақпа (ені – 60 см) арқылы домалатуға үйрету. Орнынан ұзындыққа секіруге үйрету. Қойылған заттардың арасымен еңбектеуге үйрету.Допты екі қолмен төменнен лақтыруға үйрету. Белгі бойынша тоқтауға, тепе-теңдікті сақтауға, алда келе жатқан балаға соқтығыспауға үйрету. Тепе-теңдікті сақтап, белгі бойынша тоқтап, қол соғып, жүрісті жалғастыруға үйрету. Алаша (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) үстімен жүруге жаттықтыру, кедергілі бет үстімен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау білігін дамыту. Заттар арасында алақан мен табанға тіреліп еңбектеуге жаттықтыру, қимылдардың үйлесімін дамытуды жалғастыру. Заттарды оң және сол жақтан айналып өту білігін бекіту. Жанды және жансыз табиғат туралы білімді кеңейту. Қоршаған ортаны эстетикалық талғаммен қабылдауға, табиғатты сүюге баулу.
Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, естуқабілетінің дамуына ықпал ету. **Сөздік қорды қалыптастыру.** Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы** сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. **Байланыстырып сөйлеу.** Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауын пысықтау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тануды жетілдіру. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тануды. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.

	Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды үйрету Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді үйрету.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз)үйрету.
Музыка	**Музыка тыңдау:** Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. **Ән айту:** Педагогтың дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**. Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдату.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Кіші топ «Тұлпар»
Желтоқсан айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене шынықтыру	Тоқтаумен және тапсырма орындаумен жүгіруге үйрету, басты дұрыс қалыпта ұстау білігін қалыптастыру.Тоқтаумен және тапсырма орындаумен жүгіруге үйрету, затты жанау білігін бекіту, үйлесімділікті дамыту.Ептілікті дербестікті дамыту. Қимыл қарқынын өзгерте отырып жүгіруге үйрету, қол мен аяқ қимылының үйлесімділігін, кеңістікті бағдарлауды дамыту, шектелген беткейде тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту. Секіру мен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру .Епті лікті қимылдар үйлесімділігін дамыту.Бір уақытта екі аяқпен итеріліп және алға ұмтылып, екі аяқпен секіруге үйрету. Бағытты өзгертіп жүгіруге үйретуді жалғастыру, кеңістікте бағдарлануды, аяқ пен қол қимылының үйлесімділігін дамыту. Ұзындыққа секіруді орындау дағдыларын қалыптастыру.Орнынан ұзындыққа секіруге үйретуді жалғастыру, итерілген кезде табандарды дұрыс қою, жерге өкшеге түсіп, бүкіл табанға ауысу білігін дамыту. Допты 60 см қашықтықтан педагогке лақтыру және одан қағып алуға үйрету, допты бір мезгілде екі қолының екпінді қимылымен лақтыру, қолын екпінді түрде жазу білігін дамыту.«Көз–қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Бөрене үстімен еңбектеп жүруге жаттықтыру, қимыл үйлесімділігін дамыту.Жүгіру мен секіру дағдыларын жетілдіру Кеңістікті бағдарлауды, зейінін, педагогтің нұсқауын тыңдау және дәлме-дәл орындау білігін дамыту.Жүгіру мен секіру дағдыларын жетілдіру.Кеңістікті бағдарлауды, зейінін, педагогтің нұсқауын тыңдау және дәлме-дәл орындау білігін дамытуды жетілдіру
Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп артикуляциялық гимнастика жасау **Сөздік қорды қалыптастыру.** Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруін үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.

Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды үйрету Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды жетілдіру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан жәнефотосуреттерден тануын ұйымдастыру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпауды, жұмысты ұқыпты жасауды үйрету
Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табуға баулу Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпенсүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз)үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды орналастыруын дамыту.
Музыка	**Музыка тыңдау:** Әннің мазмұнын түсіну. **Ән айту:** Әнді жеке және топпен айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Кіші топ «Тұлпар»
Қаңтар айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене шынықтыру	Бүкіл алаңмен жеңіл әрі ырғақты жүгіру білігін бекіту. Кеңістікті бағдарлауды, зейінді дамыту. Ирелеңдеген жолмен жүруді үйрету (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр), шектелген беткейде жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту.Қимыл үйлесімділігін, ептілікті дамыту. Тепе-теңдікті сақтап, қимыл-қозғалыстарды үйлесімді орындау дағдыларын қалыптастыру.Денесін тік ұстауға үйретуді жалғастыру. Алға ұмтыла отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру білігін бекіту, төзімділікті дамыт. Допты қақпа арқылы домалату дағдыларын қалыптастыру. Аяқтың екпінді қимылын қолдың қимылымен үйлестіру, жартылай бүгілген аяқпен жеңіл түсу білігін және шанамен сырғанауды бекіту. Түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, бүкіл алаңда жеңіл әрі ырғақты жүгіру білігін бекіту. Кеңістікті бағдарлауды, зейінді дамыту. Доппен жаттығу және доғаның астымен еңбектеуді орындау барысында ептілік пен қозғалыстардың үйлесімділіктерін дамыту.40 см биіктікте тартылған таспаның астынан өтуге жаттықтыру, ептілігін дамыту.Шанамен сырғанау дағдыларын қалыптастыру .Шанамен сырғанауға үйрету.Ептілік пен қол-аяқта рының үйлесімділігін дамыту. Қысқы ойын түрлеріне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.Өзінің қимыл-қозғалыстарын басқа балалардың қимыл-қозғалыстарымен келісіп орындау дағдыларын қалыптастыру. Алшақтатылған заттардың арасымен еңбектеу, заттарды оң жағынан және сол жағынан айналып өту біліктерін бекіту, ептілігін дамыту. Ойын жаттығулары арқылы сенсомоторлы үйлесімділіктерін дамыту.Жаттығуларды орындау барысында дене бітімін түзу ұстай білу және тепе-теңдікті сақтай алу дағдыларын қалыптастыру, еденде жатқан заттардан аттап өтуге, денесін тік ұстауға үйретуді жалғастыру.
Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. **Сөздік қорды қалыптастыру.** Балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру **Байланыстырып сөйлеу.** қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге,өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылыпайтуға мүмкіндік беру.

Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр),жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақтыжатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіруді
Жапсыру	Балаларды бейнелерді қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Музыка	**Музыка тыңдау:** Қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу. **Ән айту:** Әуенді интонация мен және ырғақты дұрыс жеткізу **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Кіші топ «Тұлпар»
Ақпан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене шынықтыру	Шанамен сырғанау дағдыларын қалыптастыру. Шанамен сырғанауға үйрету. Ептілік пен қол-аяқтарының үйлесімділігін дамыту. Қысқы ойын түрлеріне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.Өзінің қимыл-қозғалыстарын басқа балалардың қимыл-қозғалыстарымен келісіп орындау дағдыларын қалыптастыру. Алшақтата қойылған заттардың арасымен еңбектеу, заттарды оң жағынан және сол жағынан айналып өту біліктерін бекіту, ептілігін дамыту. Ойын жаттығулары арқылы сенсомоторлы үйлесімділіктерін дамыту. Мұз жолда тепе-теңдікті сақтап сырғанай алу біліктерін қалыптастыру. Жаттығуларды орындау кезінде дұрыс тыныс алу білігін қалыптастыру, ұсақ қол моторикасын дамыту. Жаттығуларды орындау барысында дене бітімін түзу ұстай білу және тепе-теңдікті сақтай алу дағдыларын қалыптастыру. 30 секунд бойы үздіксіз жүгіру білігін жетілдіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу білігін дамыту.Алға ұмтыла отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру, жерден итерілер кезде табандарын дұрыс қою білігін бекіту, өкшесінен бүкіл табанына ауыса отырып түсу, төзімділікті дамыту. Қол мен аяқ қозғалысының үйлесімділігін, лақтыру дағдыларын қалыптастыру көлбеу қойылған нысанаға 10 см қашықтықтан текшелерді лақтыруды үйретуді жалғастыру, сенсомоторлық кеңістікте «көз–қол» үйлесімділігін дамыту. Спорттық жаттығуларды орындау барысында тепе-теңдікті сақтай білу біліктерін дамыту. Сөздік қорларын кеңейту.Бірнеше сызық арқылы секіре алу дағдыларын қалыптастыру.Түрлі бағытта жүгіру білігін бекіту, төзімділікті дамыту, жүруден жүгіруге және керісінше орындау білігін жетілдіру. Секіре алу және жүгіру дағдыларын бекіту бір орыннан бірнеше сызық арқылы ұзындыққа секіруді жаттықтыруды жалғастыру ,кеңістікте бағдарлауды дамыту, жүруден жүгіруге және керісінше орындау білігін жетілдіру. Қол мен аяқ қозғалысының үйлесімділігін, лақтыру дағдыларын қалыптастыру.көлбеу қойылған нысанаға 100 см қашықтықтан текшелерді лақтыруды үйретуді жалғастыру, сенсомоторлық кеңістікте «көз – қол» үйлесімділігін дамыту. Спорттық жаттығуларды орындау барысында тепе-теңдікті сақтай білу біліктерін дамыту. Доппен орындалатын жаттығуларды орындай алу дағдыларын қалыптастыру.Допты кеуде тұсынан екі қолмен алысқа лақтыруға үйрету, доптың ұшу жолын дұрыс бағыттау, доптың артынан қолын жазу білігін қалыптастыру. Еденде жатқан заттардан аттап өтуді жетілдіруді жалғастыру, заттардан аттап өткен кезде тұрақты тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту.

Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету **Сөздік қорды қалыптастыру.** Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. **Тілдің грамматикалық құрылымы** сөздердің дұрыс айтылуын жетілдіру **Байланыстырып сөйлеу.** Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атауын қалыптастыру
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр),жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды пысықтау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атауды. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануды. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Қарды домалату ойнау және эксперимент жасау. Маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды үйрету.
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауды. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстауды, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу дағдыларын дамыту.
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды, қолды дымқыл шүберекпенсүртуді, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыруды, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз)үйрету. Фланелеграфта машиналарды, үйлерді доптарды, шарларды орналастыру.
Музыка	**Музыка тыңдау:** Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. **Ән айту:** Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңынан бірге

	айтуға ынталандыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету(қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Кіші топ «Тұлпар»
Наурыз айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене шынықтыру	Бір орында тұрып секіре алу және лақтыру дағдыларын қалыптастыру. Секіру барысында екі аяқпен бір мезгілде екпінді түрде итерілу білігін бекіту. Пассивті және белсенді сөздік қорының кеңеюіне ықпал ету: адамның дене мүшелері (қол, аяқ, бас). Жануарларға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Тепе-теңдікті сақтап, қимыл-қозғалыстарды үйлестіру дағдыларын қалыптастыру. Ирелеңдеген жолмен (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) жүруге жаттықтыру, шектелген беткейде жүру кезінде тұрақты тепе- теңдікті сақтау білігін бекіту. Қимылдарды орындау кезінде соқтығыспай жүру білігін үйрету. Сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.Доппен орындалатын жаттығуларды орындай алу дағдыларын қалыптастыру.допты екі қолымен басынан асыра лақтыруға үйретуді жалғастыру, доптың ұшу жолын дұрыс бағыттау, доптың артынан қолдарын жазу білігін қалыптастыру. Бірнеше сызық арқылы ұзындыққа секіруге жаттықтыру; итерілген кезде табанды дұрыс қою, өкшеге түсе отырып бүкіл табанға ауысу білігін бекіту. Бірлесіп ойнайтын ойындарға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.Допты басынан асыра лақтыруға үйретуді жалғастыру, доптың ұшу жолын дұрыс бағыттау, доптың артынан қолын жазу білігін қалыптастыру. Бір орында тұрып бірнеше сызық арқылы ұзындыққа секіруге жаттықтыру; итерілген кезде табанды дұрыс қою, өкшеге түсе отырып бүкіл табанға ауысу білігін бекіту.Бағытты және ырғақты өзгерте отырып жүгіруге үйрету, кеңістікте бағдарлауды дамыту. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен жүгіруге жаттықтыру, шектелген беткейде тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту. Табан күмбезін, тиісті бұлшық еттеріне күш түсіру және босаңсыту білігін; қол мен аяқ қимылының үйлесімділігін қалыптастыруға ықпал ету. Бір- бірін ізгі ниеттілікке тәрбиелеу.Доғаға еш жерін тигізбей еңбектеп өтуге үйрету, қимыл үйлесімділігін дамыту. Доптарды 90 см қашықтықтан қақпа арқылы (ені – 50 см) домалатуға жаттықтыру, допты бір мезгілде екі қолының белсенді және екпінді қимылымен итеру білігін бекіту.Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін және кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру.Қимыл үйлесімділігін, қолының ұсақ моторикасын, «көз–қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.Секіру мен лақтыру кезінде қимыл-қозғалыс үйлесімді қозғау дағдыларын қалыптастыру.1 м қашықтықтан тігінен тұрған нысанаға лақтыруды үйрету, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, көзбен мөлшерлей алуларын дамыту. Алға қарай 3 метрге жылжи отырып, екі аяқпен секіруді жетілдіруді жалғастыру.Алға секірген кезде бір мезгілде екі аяғымен екпінді түрде итерілу білігін бекіту. Жаттығуларды орындау кезінде тыныс алуды тоқтатпау білігін қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу.Допты төмен жақтан екі қолмен лақтыруға үйретуді жалғастыру, доптың ұшу жолын дұрыс бағыттау, доптың артынан қолын жазу білігін қалыптастыру. «Көз–қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Бір орыннан ұзындыққа (10 см қашықтыққа) секіруге жаттықтыру; итерілген кезде табанды дұрыс қою, өкшеге түсе отырып бүкіл табанға ауысу білігін бекіту.

Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, естуқабілетінің дамуына ықпал ету. **Сөздік қорды қалыптастыру.**ойыншық, киім, аяққиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атау дағдыларын дамыту **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруді үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беруге ынталандыру.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу және бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту
Сенсорика	Берілген заттардың 3-4сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыруды заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттікойыншықтарды қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, әр баланы басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін таныстыру. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмғасаусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыруға ынталандыру.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат), және басқа заттардың ұқсастықтарын таба білуді үйрету.
Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) үйрету. Бейнелерді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелегенбөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. **Ән айту:** Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Кіші топ «Тұлпар»
Сәуір айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене шынықтыру	Секіру және доппен орындалатын жаттығуларды орындау дағдыларын бекіту. Допты төмен жақөшедектан екі қолмен лақтыруға үйретуді жалғастыру, доптың ұшу жолын дұрыс бағыттау,доптың артынан қолын жазу білігін қалыптастыру. Доптың ұшу жолын дұрыс бағыттау, доптың артынан қолын жазу білігін қалыптастыруды жалғастыру. Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеп жүруге жаттықтыруды, көтеріңкі заттың үстінде тепе-теңдікті сақтау білігін жетілдіруді жалғастыру, қимыл үйлесімділігін дамыту. Керілген жіптің астынан еңбектеп өту және тепе- теңдікті сақтай білу дағдыларын қалыптастыру. Гимнастикалық орындықпен жүруді үйрету, тепе- теңдікті сақтау, денесін тік ұстау білігін дамыту. 40 см биіктікке керілген жіптің астынан еңбектеп өтуге жаттықтыру, топтасу білігін дамыту. Жалпы төзімділікті, зейінді дамыту. Спорттық жаттығулар арқылы ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін көтеру, велосипед тебуді үйрету: ересектердің көмегімен оған отыру, одан түсу. Бір орында тұрып 50 см қашықтыққа – ұзындыққа секіруді бекіту: серпілгенде табанды дұрыс қою, өкшемен түсіп, толық табанмен жерді басу. Бірлесіп ойнай білуге, ақпейіл болуға тәрбиелеу. Нысанаға дәлдеп лақтыру және қимыл-қозғалыстарын үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру 1 метр қашықтықтан көлденең нысанаға бүрін лақтыруды үйрету, педагогтің нұсқауын орындау білігін дамыту, көзмөлшерін дамыту. Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеп жүруге жаттықтыруды жалғастыру, көтеріңкі заттың үстінде тепе-теңдікті сақтау білігін жетілдіру, қимыл үйлесімділігін дамыту.Ептілікті, қимыл үйлесімділігін дамыту. Жаттығуларды жасаған кезде Нысанаға дәлдеп лақтыру және қимыл- қозғалыстарын үйлестіре білу дағдыларын бекіту.1 метр қашықтықтан көлденең нысанаға бүрін лақтыруды үйрету, педагогтің нұсқауын орындау білігін дамыту, көзмөлшерін дамыту. Велосипед тебуге жаттықтыру. Допты екі қолмен домалату білігін бекітуді жалғастыру, тұрған күйі бір мезгілде екі қолмен итеру білігін, қолының ұсақ моторикасын дамыту. Өкпесінің сыйымдылығын арттыруға ықпал ету.Ептілігін, қимыл үйлесімділігін дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдікті сақтап, жаттығуларды орындау дағдыларын қалыптастыру.Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдікті сақтап, жаттығуларды орындау дағдыларын бекіту жетілдіру, қимыл үйлесімділігін дамыту. Допты гимнастикалық орындық үстімен домалатуға жаттықтыру, допты саусақтарының екпінді қимылымен итеру білігін дамыту. Нысанаға лақтыру дағдыларын қалыптастыру. Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеп жүруге жаттықтыру, көтеріңкі заттың үстімен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау білігін жетілдіру, қимыл үйлесімділігін дамыту. Жаттығуларды орындау барысында дене мүсінін түзу ұстай білу және тепе-теңдікті сақтай алу дағдыларын қалыптастыру. Жаттығуларды орындау барысында дене келбетін түзу ұстай білу және тепе-теңдікті сақтай алу дағдыларын бекіту.
Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** еліктеу сөздерін, сөздердіжәне қарапайым сөз тіркестерін (2-2 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету **Сөздік қорды қалыптастыру.**заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін

	білдіретін сын есімдермен байыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. **Байланыстырып сөйлеу.** Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
Көркем әдебиет	Оқып беруде ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылыпайтуға мүмкіндік беру.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын пысықтау.
Құрастыру	Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоуын қалыптастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, , тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасауды ұйымдастыру.
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білуді, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды дамыту.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерінқалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуді, кесектерді біріктіруді мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды жетілдіру
Жапсыру	Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелегенбөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру дағдыларын пысықтау.
Музыка	**Музыка тыңдау:** Кейіпкерлерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. **Ән айту:** әнді жеке және топпен айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Кіші топ «Тұлпар»
Мамыр айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене шынықтыру	Доптарды 1 метр қашықтықтан тік нысанаға дәлдеп лақтыруға үйретуді жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді жетілдіруді жалғастыру, аяғымен барынша қатты итерілу білігін бекіту. «Көз–қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамытуды жалғастыру.Гимнастикалық орындық үстімен жүруге жаттықтыруды жалғастыру, тепе-теңдікті сақтау, денесін тік ұстау білігін дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен жүруге жаттықтыруды жалғастыру, тепе-теңдікті сақтау, денесін тік ұстау білігін дамыту.Ойын технологиялары арқылы тепе-теңдік сақтай алу дағдыларын қалыптастыру. Доппен орындалатын жаттығулар және жоғарыға секіру арқылы ептіліктерін дамыту отырған күйі доптың қозғалысының бағытын сақтай отырып, допты бір-біріне домалатуға үйретуді жалғастыру, допты бір мезгілде екі қолының саусақтарының белсенді әрі екпінді қимылымен итеру білігін бекіту. Бұлшық ет корсетін нығайту және қимыл-қозғалысты үйлестіре білу дағдыларын дамыту гимнастикалық орындықпен жүруді үйрету, тепе-теңдікті сақтау, денесін тік ұстау білігін дамыту. 40 см биіктікте керілген жіптің астынан еңбектеп өтуге жаттықтыру, топтасу білігін, ептілігін дамыту.Қол мен аяқты үйлестіре қозғай алу біліктерін бекіту.1,25 метр қашықтықтан доптарды көлденең нысанаға лақтыруға үйретуді жалғастыру, «көз–қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін, саусақ моторикасын дамытуды жалғастыру.Бағытын және қарқынын өзгерте отырып жүгіру білігін бекіту, кеңістікте бағдарлауды дамыту. Ептілікті, қимыл үйлесімділігін, дербестікті дамыту.Қол мен аяқты үйлесімді қозғай алу дағдыларын, ептілік пен дербестіктерін дамыту, құрсаудан құрсауға аттап жүруді бекіту, жетілдіру. Ептілікті, дербестікті дамыту. Бір мезгілдік және ілеспелі (кезектескен) сенсомоторлық өзара іс-қимылды қалыптастыру. Кеңістікте бағдарлай алу және қол мен аяқты үйлесімді қозғай алу дағдыларын жетілдіру допты екі қолмен төменнен тартылған арқаннан асыра лақтыруға үйретуді жалғастыру, допты қолдың екпінді қимылымен арқаннан асыра лақтыру білігін қалыптастыру.
Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды менгерту. **Сөздік қор.** Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу (тұсау кесу) дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен

	ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі.** жақындарына қамқорлық танытуға баулу. **Заттық әлем.** заттардың атқаратын қызметтерін түсінуін меңгерту **Көлік, байланыс құралдары.** жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру **Еңбекке баулу.** Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. **Адамгершілік тәрбие.** Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру **Өсімдіктер әлемі.** кейбір көгөністер мен жемістердің түрін тану және атау, қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау. **Жануарлар әлемі.** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.
Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.
Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру қолдануды дамыту. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, сырға) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.
Музыка	**Музыка тыңдау** Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ,), оның ішінде қазақ халқының үлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. **Ән айту:** жекелеген сөздер мен буындарды айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың сүйемелдеуімен топпен

	және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.